



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

23.01.2023

№ 89

**Астана қаласының  
Білім беру мекемелерінде  
тамақтандыруды ұйымдастырудың  
сапасына мониторинг жүргізу  
туралы**

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің» 38-бабы 2-тармағы 4-тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 08 тамыздағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарында оқушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасын бақылау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 24 қаңтар мен 03 ақпан аралығында Астана қаласының Білім беру мекемелерінде 2023 жылғы 23 қаңтардағы № 82 «Тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топты құру туралы» бұйрығымен бекітілген ведомствоаралық сараптамалық топ тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау С. Адылбаевқа жүктелсін.

Басшы

Қ. Сенғазыев